

ӘСКЕРГЕ  
ШАҚЫРУ  
ТӘРТІБІ

3 - бетте

ПРИМЕР  
СЛУЖЕНИЯ  
НАРОДУ

6 - бетте

КӨРМЕНИ  
КӨЗАЙЫМ  
ЕТТІ

7 - бетте



WWW.SARBAZ.KZ

ҚҰРМЕТТІ САРБАЗДАР МЕН СЕРЖАНТТАР,  
ОФИЦЕРЛЕР МЕН ГЕНЕРАЛДАР!  
АРДАҚТЫ АРДАГЕРЛЕР!

Бүгін қазақстандық танкистер кәсіби мерекесін атап өтуде. Құрлық әскерлерінің негізгі соққы күшінің еңбегін құрметтеу дәстүрі бұрыннан пайда болған. Бұл күн Қарулы Күштердегі ең құрметті күндердің бірі болып табылады. Оның тарихы 1942 жылы Шымкент жастары жетінші және он үшінші жеке танк полктеріне қырық алты Т-34 танкін тапсырған оқиғасынан бастау алады. Танк колоннасын салуға қаражат жинауды бүкіл республика жастары жүргізген екен.

Танк құрамаларының тарихы әскери жылнаманың қаһармандық кезеңдерін, батылдықты, танк жауынгерлерінің табандылығы мен жанқиярлығын білдіреді.

Танк әскерлері Ұлы Отан соғысы жылдарында өшпес даңққа ие болып, жеңіске үлкен үлес қосты. Ұлы дала танкистерінің жауынгерлері, офицерлері Ғали Әділбекұлы Әділбеков, Жұмаш Рахметұлы Рахметов, қазақ қыздары Жамал Байтасова, Құлкен Тоқбергенова, Құлжамилә Талқанбаева және Жамилә Бейсенбаева кәсіби танкистер болды.

Танктер бүгінде әлемнің көптеген елдерінің әскерлерінің негізгі жауынгерлік құрамдас бөлігі болып қала беруде. Олардың басты артықшылығы – қауіпсіздік және жауынгерлік күш.

Біздің еліміздің Қарулы Күштерінде танк бөлімдері мен бөлімшелері үнемі жауынгерлік дайындық жағдайында. Танкистер жауынгерлік дайындық деңгейін ұдайы арттырып, іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін қолдана отырып, кәсіби шеберліктерін шындайды.

Бұл күні жөндеу кәсіпорындарының қызметкерлері де құрметке ие. «Семей инжиниринг» акционерлік қоғамының мамандары Қарулы Күштердің мүддесі үшін броньды қару-жарақ пен техниканы жөндеу мен жаңғыртуды сапалы жүргізіп, осылайша мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін арттыру ісіне зор үлес қосуда.

Танкіші жауынгерлерге, жөндеу кәсіпорындарының барлық мамандарына, ардагерлерге денсаулық, амандық және еңбектерінің жемісін көріп, осы игі істе үлкен табысқа жете беруді тілеймін!

УВАЖАЕМЫЕ СОЛДАТЫ И СЕРЖАНТЫ, ОФИЦЕРЫ И ГЕНЕРАЛЫ!  
ДОРОГИЕ ВЕТЕРАНЫ!

Сегодня профессиональный праздник отмечают казахстанские танкисты.

Традиция чествовать заслуги главной ударной силы Сухопутных войск появилась давно, и этот день является одним из самых почитаемых в Вооруженных Силах. Он ознаменован в истории событием 1942 года, когда молодежь Шымкента передала седьмому и тринадцатому отдельным танковым полкам сорок шесть танков Т-34. Сбор средств на строительство танковой колонны проводился молодежью всей республики.

Вся история танковых соединений олицетворяет собой героические вехи военной летописи Отечества, героизм, мужество, стойкость и отвагу воинов-танкистов.

Танковые войска снискали себе неувядаемую славу в годы Великой Отечественной войны и внесли большой вклад в победу. Воины-танкисты великой степи, офицеры Галий Адильбекович Адильбеков, Жұмаш Рахметович Рахметов, девушки-казашки Жамал Байтасова, Құлкен Тоқбергенова, Құлжамилә Талқанбаева и Жамилә Бейсенбаева стали военными специалистами - танкистами.

Танки и сегодня остаются основной боевой составляющей армий многих стран мира. Их главное преимущество – защищенность и боевая мощь.

В Вооруженных Силах нашей страны танковые части и подразделения находятся в постоянной боевой готовности. Танкисты неустанно повышают уровень боевой подготовки и оттачивают профессиональное мастерство, отработывая новые способы действий.

В этот день чувствуют и работников ремонтных предприятий. Специалисты акционерного общества «Семей инжиниринг» успешно проводят ремонт и модернизацию бронетанкового вооружения и техники в интересах Вооруженных Сил, внося тем самым огромный вклад в дело повышения обороноспособности нашего государства.

Желаю воинам-танкистам, всем специалистам ремонтных предприятий, ветеранам здоровья, благополучия, эффективного и созидательного труда, успехов в этом благородном деле!

Құрметпен,

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі  
генерал-полковник Р.Жақсылықов«ЖАУЫНГЕРЛІК ДОСТАСТЫҚ – 2023»  
БІРЛЕСКЕН ОҚУ-ЖАТТЫҒУЛАРЫ АЯҚТАЛДЫ

«Сарышаған» полигонында Қазақстан мен Қырғызстан Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің жауынгерлік атыстарды қамтыған «Жауынгерлік достастық – 2023» оқу-жаттығуының белсенді кезеңі аяқталды.

Бірлескен маневрлерді екі елдің қорғаныс министрлері генерал-полковник Руслан Жақсылықов пен генерал-лейтенант Бақтыбек Бекболотов, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің әуе шабуылына қарсы қорғаныс мәселелері жөніндегі үйлестіру комитетінің мүшелері бақылады. Оқу-жаттығудың жоспарына сәйкес, Қазақстан Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің есептоптары мен Әскери-әуе күштерінің авиациялық экипаждары әуе және жер нысаналарын жою бойынша жауынгерлік атыстарды орындады.

Әкімшілік-өнеркәсіптік орталықтарды, объектілерді және әскерлер топтарын бүркемелеу жөніндегі әуе шабуылына қарсы операция Қазақстан Әуе қорғаныс күштерінің стратегиялық қорғаныс операциясы шеңберінде жүргізілді. Бірлескен оқу-жаттығу сценарийіне сәйкес, шартты мемлекеттің Қарулы Күштері мемлекеттік және әскери басқару жүйесін ыдыратуға, оның қорғаныс-экономикалық әлеуеті мен әскерлердің қорғаныс топтарының жауынгерлік мүмкіндіктерін әлсіретуге, сондай-ақ әуеде үстемдік етуге тырысты.

Екі елдің қорғаныс ведомстволарының басшыларына Сарышаған бағытындағы нысандар мен әскерлер топтарының әуе шабуылына қарсы қорғанысын өткізу эпизодтары көрсетілді. Полигон алаңдарында авиация мен әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерін бірлесіп қолдануды ұйымдастыру бойынша түрлі тактикалық эпизодтар ойналды. Нақтырақ айтсақ, онда «Жау авиациясының шабуылы», «Әуе барлауын жүргізу», «Майдандық авиация күштерімен әуе қарсыласын жою», «Әуе шайқасы», «Орта қашықтықтағы зениттік зымыран дивизиондарының әуе шабуылына қарсы шайқасы», «Жау авиациясын жою», «Маневр жасау кезінде әуе қорғаныс тобын бүркемелеу», «Қарсыластың диверсиялық-барлау тобына қарсы көптер типті ҰҰА есептоптарының әрекеті», «Жаудың алғы шептегі басқару пункттерін тікұшақтар буынымен жою», «Әуе айлағының ұшу-қону жолағында жаудың ұшақтарын жою» секілді жауынгерлік тәсілдер көрсетілді.

Жаудың радиотехникалық бөлімшелеріне әуе шабуылына қарсы операцияларды жүргізу барысында Wing Loop



барлау-соққы беру ұшақтары нақты соққылар жасады. Әуе барлауы үшін «Шағала» ұшқышсыз ұшу аппараттары пайдаланылды. Барлауды орындауға арналған дронды «Қазақстан инжиниринг «R&D орталығы» ЖШС Қазақстан Республикасы Ұлттық қорғаныс университетімен бірлесіп әзірлеген.

С-300ПС зениттік зымыран дивизиондары қарсыластың тактикалық авиация ұшақтарының, қанатты зымырандарының және жоғары дәлдіктегі қару-жарақ құралдарының бастырмалата берген соққысының бетін қайтара білді.

Сондай-ақ жауынгерлік атыстарға С-75, С-125, Бук-М23 және ТОР-М2К зениттік зымыран кешендері де тартылды. Жаттығуларда әуе нысандарын іздеу мен анықтау GM-403 «Нұр» радиолокациялық станциясының көмегімен жүзеге асырылды. Бұл кешен нысандарды анықтауға және ақпаратты автоматты режимде беруге мүмкіндік береді әрі олардың алыс қашықтықта жойылуын қамтамасыз етеді. Әуе нысандарын, оның ішінде ұшақтарды, ұшқышсыз ұшу аппараттарын, зымырандарды, реактивті снарядтарды және минометтік оқ-дәрілерді дәл анықтайтын «Нұр» станциясы біздің елімізде өндіріледі.

Оқу-жаттығуға Су-30М, Су-27 көпмақсатты жойғыш ұшақтары мен Ми-35, Ми-171Ш, Ми-17 тікұшақтарының жауынгерлік экипаждары да қатысты. Ұшқыштар жаудың әуе қорғанысы жүйесін еңсеруді, жақын маневрлік әуе шайқасын, жердегі нысандарды жоюды, бастырмалата берілген авиациялық соққыны тойтаруды пысықтады. Бірлескен оқу-жаттығуға 1075 әскери қызметші, 200-дің үстінде жауынгерлік және арнайы техника, 30-дан астам жауынгерлік ұшақтар мен тікұшақтар тартылды. Жаттығудың қорытындысы қарсыластың әуе айлағы нысандарын жоюмен аяқталды.

Жауынгерлік атыстар аяқталған соң қорғаныс министрлері нысана макеттерін, Қырғыз Қарулы Күштерінің С-125 «Печора» зенитті зымыран кешені мен Қазақстан Қарулы Күштерінің Бук-М23 және ТОР-М2К 33К қарап шықты.

КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫҒА  
ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Отбасы күні қарсаңында министрдің орынбасары генерал-лейтенант Сұлтан Камалетдинов көп балалы отбасы Бағдат Жүнісәлиев пен Айжан Шораевамен кездесті.

Генерал-лейтенант Сұлтан Камалетдинов әріптестерімен бірге Қорғаныс министрлігінің атынан тортпен, гүлдермен және электр пеші сыйлығымен барды. Айтпақшы, бұл техника әртүрлі тағамдарды тез дайындауға және үйдегілерді дәмі тіл үйретін тәттілермен қуантуға мүмкіндік береді. Анасының айтуынша, қыздар тамақ, тәттілер пісіруді қызығушылықпен үйреніп жүргенге ұқсайды.

Бағдат Жүнісәлиев – әскери зейнеткер, кіші сержант Айжан Шораева – Қару-жарақ бастығының басқармасы 83205 әскери бөлімінің әскери қызметшісі. Қазіргі уақытта бала күтімімен демалыста. Олардың отбасында жеті бала. Қыздары – Аида, Нұрайлым, Дина, Сабина, Раяна, Еркебұлан мен Мұхаммедиясин есімді ұлдары бар.

Министрдің орынбасары ата-анасы мен балаларын мерекемен құттықтады. Олардың отбасына ырыс-ынтымақ, амандық, бақ-береке тіледі. – Отбасы – әр адамның тірегі, ал балалар – болашағымыз, ізімізді жалғастырушы ұрпақ, сондықтан біз оларды қамқорлығымызға бөлеп, ізгілікке баулуымыз керек. Шаңырақтан шаттық кетпесін, аспанымыз ашық болсын, сүйіспеншілікке бөлене беріңдер, - деді генерал-лейтенант Сұлтан Камалетдинов.

Кездесу жаңа жайлы атмосферада өтті. Шай үстінде балалар өнерін көрсетіп, қонақтарға концерт қойды.



СОБЫТИЯ И ФАКТЫ

# ОБСУДИЛИ КЛЮЧЕВЫЕ АСПЕКТЫ ПОСЛАНИЯ ПРЕЗИДЕНТА СТРАНЫ

**В оборонном ведомстве под руководством заместителя министра обороны генерал-лейтенанта Султана Камалетдинова было обсуждено Послание Президента РК Касым-Жомарта Токаева казахстанцам.**

Документ вызвал неподдельный интерес и одобрение воинов Вооруженных сил, которые с гордостью восприняли новое Послание. В программных выступлениях ежегодно дается оценка текущей ситуации в стране, определяются ближайшие ориентиры, проводится корректировка курса развития нашего государства.

В нынешнем Послании Президент страны говорил об экономике и социальной сфере. Отдельно Глава

государства остановился на вопросе укрепления оборонно-промышленного комплекса.

Президент отметил, что наша армия должна быть обеспечена современным вооружением и военной техникой. Всемерное укрепление оборонно-промышленного комплекса Верховный Главнокомандующий назвал одним из важных вопросов, в развитии государства он играет ключевую роль в обеспечении национальной безопасности.



Казахстанскую армию необходимо обеспечить средствами противовоздушной обороны, беспилотными летательными аппаратами, комплексами разведки, бронетехникой, стрелковым оружием, современным высокоточным оружием и боеприпасами, наладить заводской ремонт вооружения и военной техники.

– Мы, военнослужащие, должны беспрекословно выполнять все задачи, поставленные Президентом страны и народом по защите суверенитета и территориальной целостности нашей страны, – отметил Султан Камалетдинов.

# СЛУЖБА В АРМИИ КАК ПУТЬ К ВЫСШЕМУ ОБРАЗОВАНИЮ

**С прошлого года Министерство обороны реализует проект по повышению мотивации воинской службы через предоставление образовательных льгот гражданам, отслужившим в армии.**



Возможностью поступить в высшее учебное заведение без сдачи ЕНТ воспользовались 604 казахстанца.

В разрезе вузов картина выглядит следующим образом. В Казахский национальный университет им. аль-Фараби на бесплатной основе поступило 19 граждан, в Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева – 17, в Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова – 15, в Торайгыров университет – 10.

На платной основе без учета ЕНТ в Кокшетауский университет им. А. Мырзахметова поступило 73 человека, Торайгыров университет – 45, Международный Таразский инновационный институт им. Ш. Мурзаты – 51, Кызылординский университет им. Коркыт ата – 35.

С учетом этих факторов Министерство обороны проводит работу по законодательному регулированию процесса выдачи

грантов с обеспечением этой категории студентов общежитием и стипендией.

Напомним, отбор военнослужащих на бесплатное обучение проводится посредством информационной системы «Срочники 2.0», размещенной на портале Министерства обороны. В настоящее время на этом ресурсе зарегистрировано 38 316 солдат срочной службы.

Ведется плановая работа по внесению оценочных показателей на 13 805 военнослужащих призыва «осень-2022». Распределение квот для них запланировано на октябрь – ноябрь текущего года. Проводится регистрация солдат призыва «весна-2023». На данный момент зарегистрировано свыше 11 948 человек.

Министерство обороны проводит работу по дальнейшей популяризации проекта, готовятся видеоролики, в которых молодые люди рассказывают о личных планах и роли армии в их личном становлении.

Подобный опрос прошли первокурсники Astana IT University Айдар Науша, Амир Каиров и Адилет Кудашев, ставшие счастливыми обладателями сертификатов на бесплатное образование в высших учебных заведениях. Айдар Науша служил в войсках Противовоздушной

обороны СВО ВС РК. В настоящее время обучается по направлению «медиа-технологии».

– Когда опубликовали списки поступивших, я среди ночи разбудил всю семью, чтобы поделиться радостью. Время в армии не прошло бесследно, я развивался физически и духовно. В Вооруженные Силы я пришел рядовым, домой уехал ефрейтором, в университете планирую получить звание лейтенанта.

Добавим, что военная кафедра на базе университета готовит офицеров и сержантов запаса для пополнения мобилизационного резерва страны. Во время учебы все трое собираются учиться на военной кафедре и стать офицерами запаса.

В настоящее время, помимо Министерства обороны, в проекте участвуют Национальная гвардия и Служба государственной охраны. В перспективе к системе «Срочники 2.0» подключатся Пограничная служба КНБ и Министерство по чрезвычайным ситуациям.

Для проверки наличия сертификата необходимо в системе «Срочники 2.0» в разделе «Поиск» внести свои данные – фамилию, имя, отчество и нажать опцию «Найти». Напомним также, что воспользоваться сертификатом молодые люди могут в течение двух лет.



# НАСЛЕДИЕ ВЕЛИКОГО ПОЭТА

**После оперативно-тактического командно-штабного учения «Шыгыс-2023» личный состав управления главнокомандующего Сухопутными войсками Вооруженных Сил Республики Казахстан посетили литературно-мемориальный дом-музей имени Абая Кунанбаева в городе Семей Абайской области.**

Цель данного мероприятия – воспитание чувства патриотизма, развитие интеллектуальных и духовных качеств. Экскурсия помогла военным расширить свои познания о великой личности и подарила массу положительных впечатлений.

В ходе экскурсии военнослужащие познакомились с экспозициями музея, многочисленными историческими документами, памятниками письменной литературы. Большой интерес вызвали старинные издания книг, произведения и «Слова назидания» Абая.

К концу экскурсии военные выразили глубокую благодарность научным сотрудникам музея Абая за хранение наследия великого поэта.

Фонд музея насчитывает 13 тысяч экспонатов, представленных в семи тематических залах: «Абай и его эпоха», «Аул времён Абая», «Источники творчества Абая», «Творчество Абая», «Поэтическое окружение Абая», «Абаеведение», «Казахский народ высоко чтит память великого поэта».

Музей – это дом, который сохраняет, пропагандирует и оберегает жизнь и творчество Абая и его поэтическую и художественную среду, историко-культурные явления того времени, материальные и документальные реликвии. Произведения поэта жители планеты могут прочитать на десяти языках, при посольствах Казахстана за рубежом открыты центры Абая, в высших учебных заведениях введено преподавание курса «абаеведение». Актуальные как никогда его произведения находят отклик в нашем обществе среди представителей разных национальностей.

– Сегодня мы еще больше узнали о жизни Великого мыслителя, ближе познакомились с произведениями Абая. Я думаю, что надо чаще посещать музеи и изучать историю своего народа. Само посещение музея и выставки уже несет в себе воспитательно-образовательный процесс. Как сказал Касым-Жомарт Кемелевич, наследие Абая должно стать священной ценностью, открывающей путь к объединению нашей нации, развитию страны. Мы уверены, что сегодняшнее поколение сможет достойно воплотить мечты и заветы предков, воспитать Абаем, на пути к сегодняшнему и будущему развитию, – поделился своими впечатлениями офицер главного управления воспитательной и идеологической работы Сухопутных войск ВС РК майор Бекболат Дарбеков.

# ПОДГОТОВКА ВОЕННЫХ НАБЛЮДАТЕЛЕЙ ООН

**Пилотный курс по подготовке военных наблюдателей ООН стартовал в Центре миротворческих операций Министерства обороны. Прежде подготовка военнослужащих Вооруженных Сил Казахстана к участию в миротворческих операциях ООН в качестве военных наблюдателей проводилась за рубежом иностранными специалистами.**

В этот раз разработанная инструкторским составом трехнедельная программа курса должна пройти апробацию и оценку на базе Центра миротворческих операций.

– В последующем мы планируем пригласить экспертов из Организации Объединенных Наций для проведения оценки курса, – поясняет старший офицер-преподаватель центра майор Айбар Актуреев. – Если программа будет одобрена и курс пройдет аккредитацию, это даст нам возможность на базе Центра миротворческих операций готовить в дальнейшем военных наблюдателей международного уровня.

К слову, программа курса предусматривает целый комплекс дисциплин, освоение которых обеспечит готовность офицеров к успешному выполнению ими миротворческих задач в качестве военных наблюдателей.

Военнослужащие всесторонне изучат международное законодательство, регулирующее

миротворческую деятельность, статус и обязанности военного наблюдателя, порядок его действий в кризисной обстановке, а также организацию взаимодействия как с представителями местной власти, СМИ, так и с противоборствующими сторонами конфликта.

В ходе практических занятий военнослужащим предстоит закрепить навыки, отработав перечень задач по вождению полноприводных внедорожников с механической коробкой передач по различным видам местности и при различных погодных условиях, обнаружению самодельных взрывных устройств и эвакуации раненых с миногололя.

Также с будущими военными наблюдателями проведут практические занятия по медицинской подготовке, выживанию в неблагоприятных климатических условиях и отработают алгоритм действий при нападении, засаде, попадании в заложники.

Итогом курса обучения послужит контрольно-комплексное учение, в



рамках которого слушатели будут выполнять комплекс миротворческих задач военных наблюдателей ООН, применяя различные приемы и способы их реализации. При этом

будет проверяться способность военнослужащих умело действовать в различных нестандартных ситуациях и вести наблюдение в сложной и резко меняющейся обстановке.

# ИСПЫТАНИЕ ВОИНСКОЙ СЛУЖБОЙ

**В Астане проходят воинские сборы с военнообязанными запаса. На них привлечены военнообязанные запаса из числа столичных жителей.**



Мероприятие проводится в плановом порядке и продлится с 12 по 21 сентября. Прямо из Департамента по делам обороны Астаны 78 военнообязанных убыли в войсковую часть 99255.

По словам представителя Департамента по делам обороны города Астаны полковника запаса Гани Артыкова, во время прохождения сборов военнообязанные будут обеспечиваться всем необходимым.

– На время воинских сборов за ними сохраняется средняя заработная плата, а военнообязанным, успешно прошедшим программу подготовки, будут присвоены очередные воинские звания.

Военнообязанный Тилеукабыл Абулгалапов в 2015 году закончил военно-техническую школу в Караганде, и спустя 7 лет надеется вспомнить навыки, приобретенные

тогда. – Считаю, что каждый мужчина обязан пройти испытание воинской службой, – говорит участник сборов. – Это нужно не только государству, но и каждому из нас. Мы в любое время должны быть готовы встать на защиту Родины.

В течение десяти дней будут проведены занятия по боевой подготовке на такие темы, как «Проведение специального развертывания роты», «Проведение боевого слаживания», «Организация охраны и обороны объектов», «Ведение борьбы с диверсионными группами».

Согласно действующему законодательству, на период прохождения воинских сборов за военнообязанными сохраняется рабочее место и средняя заработная плата.



## ӘСКЕР ТЫНЫСЫ

## ЖЕРГІЛІКТІ ӘСКЕРИ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ КҮНІ

Он екінші қыркүйек – жергілікті әскери басқару органдарының күні. Бүгінгі таңда қорғаныс істері жөніндегі департаменттер, басқармалар мен бөлімдер Қарулы Күштердің ажырамас бөлігі әрі елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету жүйесінде маңызды рөл атқарады.

Жергілікті әскери басқару органдарының бөлімшелері әскерлер мен әскери оқу орындарын жасақтау,

әскери оқытылған резервті есепке алуды жүргізу және даярлауды ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді орындайды. Қазақстандықтар арасында әскери-патриоттық жұмыс жүргізеді.

Айтулы күнге орай, ШҚО қорғаныс істері жөніндегі департаментінде салтанатты шара ұйымдастырылды. Салтанатты шараға аймақ басшысы Ермек Қошербаев та қатысты. Облыс әкімі әскери қызметшілерді атаулы күнмен құттықтап, Отанды қорғау жолында іске асырып жатқан еңбектеріне табыс тіледі. Бұдан бөлек, Ермек Беделбайұлы департаментте жүргізіліп жатқан әскерге шақыру жұмыстарының барысымен де танысып, өзінің оң бағасын берді. Сондай-ақ әскерге шақырылғандар арасында идеологиялық жұмыстың, атап айтқанда, азаматтардың бойында қазақстандық патриотизм мен жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру жұмысын жалғастыруды тапсырды.



## ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ ТӘРТІБІ

Аягөз аудандық ішкі істер бөлімінің өкілдері және әскери полиция мамандары «2023 жылдың күзгі мерзімді әскери қызметке шақыру науқаны кезінде қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылыққа жол бермеу» тақырыбында Аягөз қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің жеке құрамымен және медициналық тексеру комиссия құрамымен кездесу өткізді.



Онда Аягөз гарнизоны әскери полиция бөлімінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі аға офицері әділет аға лейтенанты Тахир Жаңабеков әкімшілік құқық бұзушылық пен сыбайлас жемқорлықтың салдары туралы айтты. Бөлімнің жеке құрамына және

комиссия мүшелеріне жемқорлыққа қарсы күрестің өзекті мәселе екеніне тоқталып, ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының талаптарын мүлтіксіз орындауға үндеді. Қарулы Күштер қатарын толықтыратын күзгі әскерге шақырушылардың сапалы жасақталу мәселесіне баса назар аудару мен келушілер тарапынан пара ұсыну фактілері болған жағдайда құқық бұзушылыққа бейжай қарамай, жедел түрде басшылыққа әрі құзырлы органдарға хабарлау керектігін де ескертті.

Аягөз қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің бастығы подполковник Нұржан Муракановтың пікірінше, жемқорлықтың алдын алу шаралары жеке құраммен жиі өткізіліуі тиіс. Өйткені әскери ортадағы және қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың көрінісі қай жерде нақты болатыны беймәлім. Сол себептен осындай кездесулер жеке құрамның теріс әрекетке бармауына ой салады.

Алуа ИСКАКОВА  
«САРБАЗ»

## ТЕГІН БІЛІМНІҢ КІЛТІ – ӘСКЕРДЕ

АБАЙ Өңірлік гарнизоны

Әскер қатарында болу білімге бастар жолды ашық та жарқын етпек. Әсіресе, әскерде жоғары нәтиже көрсеткендер тегін оқу мүмкіндігіне ие болады. Бұл үшін әскери борышын өтеген азамат «әскери міндеттілер 2.0» цифрлық платформасына еніп, өзі қалаған университетті таңдайды.

Әскери бөлімде жауынгерлік, әскери-кәсіби даярлықта, сонымен қатар әскери тәртіпте озат атанған Диас Нұртаев биылдан бастап Семей қаласындағы Әлихан Бөкейхан атындағы университеттің студентіне айналып отыр. Тегін білім алатын ол дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау мамандығын таңдапты. Спортқа жаны құмар жігіттің бала кезден армандаған мамандығы да осы екен.

– Мен ҰБТ сынағына қатыспастан оқуға түстім. Әрине, менің қуанышыма шек жоқ. Ата-анам да мұндай мүмкіндіктің пайда болғанын құба-құл қолдауда. Көңілге қаяу салары – тек шәкіртақының болмауы ғана. Егер шәкіртақы мәселесі де өз шешімін тауып жатса, нұр үстіне нұр болар еді, – дейді Әлихан Бөкейхан атындағы университеттің студенті Диас Нұртаев.

Аягөз ауданы, Шыңқожа батыр ауылының тумасы балғын шағынан шымыр да шапшаңдықа бейім



боп ескен. Аудан көлемінде қазақ күресінен өткен сайыстарда үзегілеріне дес бермеген көрінеді. Ал былтыр Астана қаласында орналасқан 68665 әскери бөлімінде қоян-қолтық жекпе-жектер бірқатар жарыста сынға түсіп, жүлделі орындарға ие болыпты. Күні кеше ғана қоян-қолтық жекпе-жектер спорт шеберіне үміткер атанған жас жігіт Шавкат Рахмоновты үлгі тұтатындығын ашып айтты.

– Мен де Шавкат Рахмоновтай шаршы топта ел намысын қорғайтын спортшы болғым келеді. Жоғары оқу орнын тәмамдаған соң жеке спорттық клуб ашып, жаттықтырушы болу жоспарым да бар. Әзірше, төрт жылдық оқымды сәтті аяқтау – басты мақсат. Осы орайда әскери қызметін өткергендерге ерекше назар аударып, тегін білім алуға еселі үлес қосып, «әскери міндеттілер 2.0» цифрлық платформасын құрастырған Қорғаныс министрлігіне айтар алғысым шексіз. Себебі спорт пен білімді қатар алу – менің өмірлік ұстанымым, – дейді Әлихан Бөкейхан атындағы университеттің студенті Диас Нұртаев.

Еске салайық, Қорғаныс министрлігі алдағы уақытта әскерден кейін сарбаздарды жұмысқа орналастыру үшін ірі кәсіпорындармен келісім жасауды өз жоспарларына енгізіп отыр.



## ЖАТТЫҒУДА ШЫНЫҒЫП ҚАЙТТЫ

ЖЕТИСУ гарнизоны

Алматы облысында өткен «Батыл тойтарыс-2023» стратегиялық командалық-штабтық әскери оқу-жаттығу аяқталғаны белгілі.

Аталмыш оқу-жаттығуға қатысып, ол жерден абыроймен оралған, Талдықорғандағы Кеңес Одағының Батыры генерал-майор Иван Васильевич Панфилов атындағы 18404 әскери бөлімінің десантшыларын әскери бөлімнің ұжымы қазақ салты бойынша ақты ұсынып, шашу шашып, ыстық ықыласпен салтанатты түрде қарсы алды.

– Стратегиялық командалық-штабтық әскери оқу-жаттығуға жеке құрамның жартысынан көбі қатысты, көрсетілген барлық мақсат-міндеттер орындалды. Бұл оқу-жаттығуға Мемлекет басшысы – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев арнайы қатысып, өте жақсы деген баға берді. Осындай жақсы нәтижемен оралу – біз үшін мақтанш.

Күтіп алу салтанатын ұйыдастырып, жылы ықыластарын жеткізіп жатқан жандарға үлкен алғыс айтамын, – деді 18404 әскери бөлімі командирі подполковник Алмас Түлегенов.

Айта кетсек, Қорғаныс ведомствосының басшысы генерал-полковник Руслан Жақсылықов «Батыл тойтарыс-2023» стратегиялық командалық-штабтық оқу-жаттығуына қатысып, ерекшеленген бірқатар үздіктерді марапаттады, солардың ішінде 18404 әскери бөлімі 1-ші десанттық-шабуылдау батальоны 2-ші десанттық-шабуылдау ротасының аға маман-жүргізушісі қатардағы жауынгер Саят Аманжанға да естелікке атаулы сағат табыстады.



## ОҚУ-ЖАТТЫҒУ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

ЖЕТИСУ гарнизоны

Абай гарнизоны әскери бөлімдері 2023 жылдың 25 тамызы мен 5 қыркүйек аралығында «Шығыс» тұраралық полигонында «Шығыс-2023» жедел командалық-штабтық оқу-жаттығуын сәтті аяқтады.

Құрлық әскерлерінің бас қолбасшысы, генерал-лейтенант Талғат Қойбақовтың қатысуымен өткен іс-шара мақсаты әскерлердің жауынгерлік әзірлігін және белгіленген мерзімде олардың тапсырмаларды орындау қабілеттіліктерін тексеру болып табылды. Еске салайық, бұл оқу-жаттығу төрт облыс аумағында бір мезгілде өтуде. Оған бес мыңға жуық әскери қызметші және бір жарым мың бірлік қару-жарақ пен әскери техника қатысуда.

– Бұндай оқу-жаттығудың маңызы бөлек. Сан түрлі қорғаныс және шабуылдау бағытындағы жаттығулар орындалды.



Қауіпсіздік шараларының бұзылуы орын алған жоқ. Шара соңында ауқымды жаттығуға қатысқан әскери қызметшілерге құрлық әскерлерінің бас қолбасшысы генерал-майор Қойбақов мадақтама қағаздары мен естелік сыйлықтар табыстады, – дейді құрлық әскерлерінің бас штабы жедел басқармасының бастығы полковник Нұрлыхан Темірбеков.

## ДИВЕРСИЯҒА ҚАРСЫ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Әскери-теңіз күштері десанттық-шабуылдау батальонының жеке құрамымен 2023 жылғы жауынгерлік жоспарға сәйкес арнайы роталық тактикалық оқу-жаттығу сабақтары өтті.



қауіпсіздік мәселелерін пысықтады.

«Қазіргі таңда батальон жеке құрамы қарсыластың шабуылдарына тойтарыс беріп және оған қарсы шабуыл жасауды үйреніп, өздерінің әскери шеберліктерін шыңдап, біліктіліктерін арттырды. Роталар кенеттен белгіленген жауынгерлік дайындықтар бойынша тапсырмаларды шеберлікпен орындады. Эвзод командирлері бұл оқу-жаттығуда сарбаздардың тактикалық іс-қимылдардың дұрыстығына, ұрыста қаруды тиімді пайдалануға ерекше көңіл бөлді», – деп атап өтті десанттық-шабуылдау батальон командирінің орынбасары Даулет Махсотов.

Тактикалық оқу-жаттығулар бөлім жеке құрамының теориялық білімдерінің нығайтуына, жана қосылған жауынгерлердің тәжірибе алмасуына және жалпы роталардың қызметтік міндеттерін сапалы орындауына оң ықпал ететіні сөзсіз.

Бұл оқу-жаттығуды өткізудегі басты мақсат – роталар жеке құрамының жауынгерлік дайындық дәрежесін тексеру, дабыл бойынша көтеру және рота жауынгерлерінің функционалдық міндеттерін, үйлесімділігін бағалау. Алғашқы күннен бастап-ақ десанттық-шабуылдау ротасының әскери қызметшілері белсенділік таныта білді.

Тактикалық оқу-жаттығу жоспарына сәйкес үш кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде роталар дабыл бойынша көтеріліп, марш жасады. Одан кейін әскери топография, инженерлік дайындығы, радиациялық-химиялық және биологиялық қорғау, байланыс, әскери-медициналық және әуе-десанттық дайындығы бойынша тиісті нормативтері тексерілді. Ал, үшінші кезеңде әскери техникамен 50 шақырымдық жорық жасап, Ақтау қаласы теңіз сауда порты және Әскери-теңіз күштерінің маңызды нысандарын күзетуге және теңіз портының диверсияға қарсы



В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ

# ЗДЕСЬ НАЧИНАЕТСЯ ПУТЬ ГРАЖДАНИНА В АРМЕЙСКИЕ РЯДЫ

**Связующим звеном между гражданским обществом и армией без преувеличения можно назвать местные органы военного управления. Являясь неотъемлемой частью армии, МОВУ обеспечивают поддержку высокой боеготовности и вносят весомый вклад в укрепление обороноспособности страны.**

**Страницы истории**

Историей не раз доказано, что военкоматы выполняли одну из ключевых ролей в обеспечении боеготовности армии, особенно в сложные времена. Великая Отечественная война возложила на военные комиссариаты небывалые по сложности и масштабам задачи. В сжатые сроки в тяжелых условиях военные комиссариаты Казахстана в системе всеобщего подготовки сотни тысяч стрелков-бронбойщиков, связистов, минометчиков, саперов и других специалистов.

В годы войны из Казахстана было призвано и отправлено в войска и на флот 1 387 000 военнообязанных. Среди них 5 250 женщин. Также работники военных комиссариатов занимались размещением эвакуированных в Казахстан 1 500 000 человек. Поддерживали комендантский контроль на своих территориях, организовывали мероприятия против диверсионных действий врага. Военными комиссариатами оповещались семьи погибших и пропавших без вести, велась работа по назначению пенсии таким семьям.

В 1979-1989 годы военкоматы комплектовали личный состав ограниченного контингента советских войск в Афганистане. После возвращения со службы сотрудники вели учет участников боевых действий по категориям воинских специальностей и инвалидностей. Курировали вопросы оказания им социальной и медицинской помощи, направления на санаторное лечение и в госпитали, решения жилищных вопросов и дополнительных льгот.

Казахстанские военные комиссариаты в 1986 году на высшем профессиональном уровне проводили мобилизационную подготовку специалистов для ликвидации аварии на Чернобыльской атомной электростанции.

В период существования СССР казахстанские военные комиссариаты выполняли свой воинский долг на высшем профессиональном уровне.

12 сентября 1991 года вступил в силу Указ Президента КазССР о придании статуса республиканского органа военному комиссариату Казахской ССР и подчинении ему областных военных комиссариатов республики. Именно поэтому 12 сентября определено памятной датой – Днем местных органов военного управления.

**В контакте с населением**

Сегодня местные органы военного управления обеспечивают поддержку Вооруженных Сил Республики Казахстан в боевой готовности путем своевременного комплектования личным составом и постоянной готовностью к развертыванию Вооруженных

Сил, других войск и воинских формирований до штатов военного времени. В состав МОВУ входят департаменты, управления, отделы по делам обороны в соответствии с административно-территориальным делением страны.

Основные задачи МОВУ - призыв граждан и отбор кандидатов для прохождения воинской службы по контракту в рядах Вооруженных Сил и других силовых структурах, участие в военно-патриотическом воспитании молодежи. Вместе с тем, сотрудники военкоматов занимаются поиском пропавших без вести участников Великой Отечественной войны. Ведут переписки с архивами и общественными организациями ближнего и дальнего зарубежья. Ведут учет ветеранов войны и тружеников тыла, помогают им участвовать в

торжественных мероприятиях и воинских ритуалах.

За годы независимости на срочную воинскую службу было призвано более миллиона казахстанцев, проведены воинские сборы с привлечением свыше 60 000 военнообязанных, зачислено в военные учебные заведения более 11 000 курсантов. В филиалах Военно-технической школы для Вооруженных Сил обучено более 30 000 специалистов, кроме того, подготовлено военно-обученного резерва – более 55 000 человек.

В соответствии с перспективным планом развития местных органов военного управления на 2020–2025 годы, полным ходом идет автоматизация процессов взаимодействия с гражданами. На сегодняшний день из 15 государственных услуг, оказываемых Министерством обороны, 9 выполняют управления и отделы по делам обороны. С 2012 года оказано более двух с половиной миллионов государственных услуг.

С привлечением цифровых ресурсов осуществляется призыв граждан на срочную воинскую службу, военнообязанных оповещают об отсрочке и освобождении от призыва, ведут контроль над соблюдением административного законодательства по вопросам воинского учета и призыва.

Изучается вопрос запуска в пилотном режиме таких услуг, как выдача справок участникам Великой Отечественной войны, ликвидации последствий аварии на Чернобыльской атомной электростанции, воинам-интернационалистам, о подтверждении прохождения и об отношении к воинской службе гражданам, выезжающим за пределы страны на постоянное место жительства.

В этом году запланирован перевод воинского учета военнообязанных и призывников в электронный формат с отображением сведений об отношении гражданина к

воинской службе в личном кабинете на портале «E-gov». Это исключит необходимость постановки и снятия с воинского учета граждан при внутренней миграции.

Местные органы военного управления находятся в постоянном контакте с населением. Для оперативного реагирования на обращения граждан в социальных сетях созданы официальные аккаунты их первых руководителей. Учреждения по делам обороны во всех регионах страны стали «витриной» и «лицом» Вооруженных Сил, именно здесь начинается путь гражданина в армейские ряды.

**С благодарностью за вклад в общее дело**

В Астане к памятной дате было приурочено торжественное собрание, на котором руководство Министерства обороны отметило многолетнюю эффективную работу как действующих военнослужащих и гражданского персонала, так и ветеранов местных органов военного управления.

Поздравляя присутствующих с профессиональным праздником, начальник Департамента организационно-мобилизационной работы Генерального штаба ВС РК генерал-майор Бауыржан Артыков выразил благодарность за вносимый вклад в дело укрепления обороноспособности страны, добавив, что совершенствование организационно-штатной структуры местных органов военного управления продолжается.

– Убеден, что и в дальнейшем личный состав местных органов военного управления будет не менее добросовестно и эффективно выполнять возложенные задачи, – отметил генерал-майор Бауыржан Артыков.

Наргиз МУКАТАЕВА



# КЛЮЧЕВАЯ РОЛЬ В МОБИЛИЗАЦИОННОЙ ГОТОВНОСТИ

**Торжественные мероприятия, посвященные Дню местных органов военного управления, прошли в регионах страны.**

Так, в Департаменте по делам обороны Павлодарской области прошло торжественное мероприятие, в котором приняли участие личный состав, ветераны Вооруженных Сил, представители местных исполнительных органов.

В соответствии с директивой Министра обороны РК от 5 марта 2004 года, Павлодарский областной военный комиссариат был переименован в Департамент по делам обороны Павлодарской области. С этого исторического момента и началась точка отсчета новой эпохи развития местных органов военного управления. В разные годы возглавляли Департамент по делам обороны полковники Василий Хомяк, Ануарбек Уразалинов, Асайын Алдажаров, Амангельды Каленов, Руслан Ниеталиев, Нурбол Зейнелов, Сергей Кузнецов, Бауржан Есимов.

Местные органы военного управления играют важную роль в системе обеспечения обороноспособности страны. На них возложены задачи,

от своевременного и качественного выполнения которых зависит состояние боевой и мобилизационной готовности, подготовка молодежи к воинской службе, учет мобилизационных людских и транспортных ресурсов, организация и проведение призыва на срочную воинскую службу и другие важные задачи.

В свою очередь, личный состав местных органов военного управления Павлодарской области, являясь преемниками славных традиций старшего поколения, имея высокую выучку и профессионализм, вносят свой достойный вклад в дело укрепления обороноспособности государства, – отметил ВрЮО начальника Департамента по делам обороны Павлодарской области майор Беказт Оразов.

В честь профессионального праздника наиболее отличившиеся военнослужащие и гражданский персонал поощрены почетными грамотами, благодарственными письмами акима области, начальника Департамента по делам обороны. Артисты областной филармонии дали

концерт.

# СБОР ВОЕННООБЯЗАННЫХ

**В рамках стратегической подготовки Вооруженных Сил Казахстана и тактических учений «Батыл тойтарыс - 2023» в Гвардейском гарнизоне проводится сбор военнообязанных.**

Данное учение, проводимое в южном регионе, подтверждает готовность граждан к службе. Людской мобилизационный ресурс в количестве 1500 военнообязанных поставлялся тремя департаментами по делам обороны, а именно города Алматы, Алматинской и Жамбылской областей. Граждане, откликнувшиеся на вызов службы на благо своей Родины, успешно прибыли на пункт приема личного состава, начиная тем самым важный этап своего пути в службе Родине. Личный состав доставлялся до пункта приема на поездах и автобусах, обеспечивая комфортное перемещение участников. Важно подчеркнуть, что весь личный состав получил необходимое имущество, обеспечивающее их комфорт и безопасность в процессе учений.

За военнообязанными, призванными на сборы, сохраняется должность по месту работы. За счет республиканского бюджета выплачивается средняя месячная заработная плата, включая время следования в пути. Неработающие получат минимальную зарплату.

Учебный центр «Матыбулак» станет центральным местом проведения учений. Здесь прошло торжественное открытие сбора, сопровождаемое впечатляющей демонстрацией техники и вооружения. Участники учений имели уникальную возможность ознакомиться с современным оборудованием и оружием, которое используется в армии Казахстана.



Начальник лагерного сбора полковник Ержан Мейрманов обратился к военнообязанным со словами благодарности:

– Мы ценим ваше решение служить на благо нашей страны. Помните, что Вооруженные Силы - это команда, и вместе мы сможем преодолеть любые трудности и выполнить наши обязанности перед Родиной. Спасибо за вашу готовность и решимость.

Основной целью воинских сборов является повышение боевой и мобилизационной готовности воинских частей, содержащихся в мирное время в сокращенной численности, подготовка и накопление в запасе военно-обученных ресурсов, поддержание требуемого уровня военной подготовки и готовности военнообязанных к боевому применению. Они также служат примером сотрудничества и координации между различными региональными и местными военными структурами.

Мероприятия такого масштаба, проводимые впервые в Казахстане, подчеркивают решимость страны в обеспечении национальной безопасности и поддержке мира и стабильности в регионе.

Пресс-служба Гвардейского гарнизона



ХАТ-ХАБАР

# ТАБИҒАТТЫ АНАМЫЗДАЙ БАҒАЛАУ КЕРЕК

АБАЙ Өңірлік Гарнизоны

Биылғы жыл шығыс өңірінің табиғаты үшін қасіретке толы. Әсіресе, жайқалған жасыл байлығын қызыл жалын лезде жалмап әкетті. Кешегі ит мұрыны кіре алмайтын сыңсыған нудық орнын бүгін күйік шалған ағаш пен күл басып қалды. Әрине, арнайы мамандар тілсіз жаумен күресті. Егер қызыл жалынның бетін қайтармаса, опық жейтін тұсымыз әлі де көп еді. Аузынан от бүріккен алапат аждаһамен аянабай арпалысып, лапылы бет қарықтырған өрт ішіне қаймықпай еніп кеткендердің бірі – «Шығыс» өңірлік қолбасшылығына қарасты 28738 әскери бөлімінің сержанты 1-сыныпты сержант Талғат Жанғазиев. Өршіген орман өртін өшіруге өлшеусіз үлес қосқан бригада сержантына Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақылықов «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалін салтанатты түрде табыс етті. Біз осы орайда тілсіз жауға тойтарыс берген әскери қызметшінің әңгімеге тартып көрдік.

